

## ҚҰМЫҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

\*Мурзинова А.С.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>PhD доктор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,  
Алматы, Қазақстан,  
\*<sup>1</sup>e-mail: [msai2013@mail.ru](mailto:msai2013@mail.ru)

**Аңдатпа.** Мақалада құбылыстарды, деректерді, шындық процестерді белгілейтін және эмоционалды-экспрессивті бағалаудың маңызды функцияларын орындайтын қарым-қатынас үдерісіндегі фразеологизмдер қарастырылады. Фразеологизмдер қорында халықтың атадан-балаға мирас ретінде берілген салт-дәстүрлері мен ұлттық-мәдени құндылықтары арқылы жүйеленген мәдениет ерекшеліктері сақталатыны және фразеологизмдер құрамындағы мағынасы күнгірттенген сөздердің тарихи деректерді, ұлттар арасындағы әлеуметтік-мәдени, саяси-экономикалық байланыстарды тасымалдайтыны сөз болады. Мақалада құмық тіл біліміндегі фразеологизмдердің зерттелу тарихы сараланады. Мақала мақсаты – фразеологизмдерді лексикаланған және грамматикаланған сөз тіркестерімен қатар қарастырған ғалымдардың еңбегін жүйелеу. Осы мақсатқа жету үшін қойылған міндеттер: құмық тілінің фразеологиялық сөздіктері мен фразеология саласына қатысты ғылыми еңбектерді саралау және жүйелеу, құмық тіл білімінің фразеология саласының зерттелу деңгейін айқындау. Тарихи-мәдени дәстүрлер мен ұлттық менталитеттің ерекшеліктері көрініс табатын фразеологиялық бірліктердің, олардың бейнелену уәждерінің қалыптасуы мен дамуы талданады. Фразеологизмдердің лексикалық, грамматикалық тұлғасын саралай отырып, сол халықтың тарихи-мәдени дәстүрлері мен ұлттық менталитетінің ерекшеліктерін айқындай аламыз. Зерттеу жұмысының ғылыми маңыздылығы: этнолингвистика мен лингвомәдениеттану салаларына үлес қосады. Мақаланың практикалық маңыздылығы: зерттеу нәтижелерін «Лингвомәдениеттану», «Этнолингвистика», «Фразеология теориясы» сынды арнайы курстар дәрістерін құрастыруға, оқу-әдістемелік кешендер дайындауда, курстық және дипломдық жұмыстарды жазу барысында немесе тақырыптарын әзірлеуде қолдануға болады. Құмық тілінің фразеологиясы мәселелерін арнайы зерттеп жазған шетелдік ғалымдардың еңбектері зерттеудің әдіснамасын құрайды. Зерттеу нәтижелері құмық тіл білімінің дамуына, түркі тілдерінің салыстырмалы бағытта зерттелеуіне септігін тигізеді.

**Тірек сөздер:** лингвистика, құмық тілі, фразеологиялық бірліктер, фразеологиялық сөздік, лингвомәдениет, паремиология, лингвостилистика, фразеосемантика.

### Кіріспе

Кез келген ұлттың тілдік бірліктері ұлт тарихымен тығыз байланысты. Құмық тіл білімінде «бириккен сөзтағым» (сөзбе-сөз ауд. біріккен сөз тіркесі) термині ХХ ғасырдың 80 жылдары қалыптасып, орыс тілі арқылы енген «фразеологизм» терминімен қатар қолданысқа ие болды. Бұл терминді К.Х.Даибова өз зерттеуінде «фразеология сөзтағым» деп атаған [1, 5 б.]. ХХ ғасырдың алпысыншы жылдары құмық тіл білімінде сөздік құрастыру басты назарда тұрғандықтан, құмық

фразеологиясы зерттелмеді. Тек жетпісінші жылдардан бастап, фразеологизмдер арнайы зерттеу нысанына айналды. Алғаш рет құмық тіліндегі фразеологизмдерді К.Х.Даибова қарастырды. Зерттеуші «Фразеология кумыкского языка» атты кандидаттық диссертациясында академик В.В.Виноградовтың тұжырымына сүйене отырып, құмық тіліндегі фразеологизмдердің ғылыми негізін, олардың еркін тіркестерден айырмашылығын, семантикалық белгілерін, түрлерін қарастырып, жіктелімін ұсынды [1].

### **Негізгі ережелер**

XX ғасырдың сексенінші жылдарынан бастап, құмық тіл білімінде фразеологизмдер морфологиялық-семантикалық тұрғыдан зерттеле бастайды. 1984 жылы құмық тіліндегі фразеологизмдерді сипаттамалы-синхрондық аспектіде зерттеуге бағытталған бірнеше мақалалар жарық көреді. Тарқатып айтқанда, Н.Э.Гаджихмедов өзінің ғылыми мақалаларында құмық тіліндегі етістікті фразеологизмдердің құрылымдық-семантикалық ерекшелігі мен фразеологиялық бірліктердің темпоралдық әлем бейнесін кескіндеу өзгешеліктерін қарастырады [2].

### **Зерттеулер мен әдістер**

Мақалада құмық тіл біліміндегі фразеологизмдердің зерттелу деңгейін саралауда сипаттау, тарихи және салыстырмалы-салғастырмалы әдістері пайдаланылды.

### **Нәтижелер мен талқылау**

К.Х.Даибова 1973 жылы құмық ұлттық мектептерінің мұғалімдеріне арналған «Къумукъ тилни къысгъа фразеология сёзлюгю», яғни құмық тілінің қысқаша фразеологиялық сөздігін құрастырды. Зерттеушінің 1981 жылы 88 беттен тұратын құмық және орыс халқының сөйлеу тәжірибесінде жиі қолданылатын фразеологизмдерінен жинақталған «Құмықша-орысша және орысша-құмықша фразеологиялық сөздігі» жарық көрді [1, 3 б.]. К.Х.Даибованың бұл сөздігінде құмық фразеологизмдеріне жатпайтын лексикалық бірліктер де кездеседі. Айталық, «артындан таи атмакъ», «асыл адам», «багъыйлы адам», «башгъа тюгюл», «бармагъын хапмакъ», т.б. секілді фразеологизмдер құмық тілінде жоқ. К.Х.Даибова фразеологизмдерді лексикаланған және грамматикаланған сөз тіркестерімен қатар қарастырғандықтан, кейбір сөз тіркестері мен етістіктің аналитикалық тұлғалары фразеологизмдер қатарына еніп кеткен. Зерттеуші сөздік құрастыру барысында құмық фразеологизмдерінің стилистикалық реңкі мен эмоционалдық бояуының өзіндік ерекшелігін сақтай отырып, орыс фразеологизміне сәйкес келетін баламасын табуға талпыныс жасаған, ал баламасы сәйкес келмейтін фразеологизмдерге сипаттама берген [1, 9 б.]. Алайда, К.Х.Даибованың сөздігінде құмық тілінің көптеген фразеологизмдері орыс тіліндегі баламаларынсыз ұсынылған. Мәселен, құмық тіліндегі «айып этмек»

(сөзбе-сөз ауд. айып ету) фразеологизмі – орыс тіліндегі «воззвать к совести», «авзуна қарап турмақ» (сөзбе-сөз ауд. аузына қарап тұру) фразеологизмі – «затаить дыхание», «адап қалмақ» (сөзбе-сөз ауд. әдеп қылу) фразеологизмі – «потерять почву под ногами» баламасына сәйкес келеді. Осындай және басқа да фразеологизмдердің баламалары сөздікте көрініс таппаған. К.Х.Даибованың құмық тіліндегі фразеологизмдерді аудару қағидалары қостілді фразеологиялық сөздіктерді құрастыру ұстанымдарына сәйкес келе бермейді. Айталық, қостілді фразеологиялық сөздіктерді құрастырудың ұстанымдары бойынша, жақша ішінде фразеологизмнің мағынасы көрсетілу керек. Бұл біріншіден, оқырманға фразеологизмнің мағынасын анықтауға мүмкіндік берсе, екіншіден, фразеологизм мағынасының құмық тілінің фразеологиялық баламасына немесе, орыс тілінің фразеологиялық баламасына сәйкес келетінін көрсетеді.

Н.Э.Гаджихмедовтың «Категория времени фразеологических единиц кумыкского языка» атты мақаласында қазіргі құмық тіліндегі уақыт семантикасын білдіретін фразеологизмдер жан-жақты талданады. Зерттеуші қазіргі тіл білімінде өзекті мәселеге айналған темпоралдық әлем бейнесін фразеологиялық бірліктер арқылы айқындайды. Н.Э.Гаджихмедовтың тұжырымы бойынша, фразеологизмдердегі уақыт категориясы сөйлеудің тілдік (лингвистикалық) сәтін ғана емес, сонымен қатар тілдік емес (экстралингвистикалық) сәтін де бейнелейді. Осыған орай, зерттеуші фразеологиялық бірліктерді екі топқа бөледі: а) тілдік (лингвистикалық) уақытты білдіретін фразеологизмдер және ә) тілдік емес (экстралингвистикалық) уақытты білдіретін фразеологизмдер. Тілдік уақытты білдіретін фразеологизмдерде үш шақ (осы шақ, өткен шақ, келер шақ) көрініс тапса, тілдік емес уақытты білдіретін фразеологизмдерде оппозициялық қатынастағы макрожүйе мен микрожүйе бейнеленеді [2, 141 б.].

Н.Э.Гаджихмедов 1986 жылы жарық көрген «Глагольные фразеологизмы с соматическими терминами в кумыкском языке» атты мақаласында құмық және орыс тілдеріндегі етістікті фразеологизмдердің компоненттік ретіне назар аударады. Ғалым орыс тіліндегі препозитивті етістік компоненті бар құмық фразеологизмдеріне постпозитивті етістік компоненті бар фразеологизмдер сәйкес келетінін атап көрсетеді. Мысалы, құмық тіліндегі «башына миндирмек» (сөзбе-сөз ауд. басына мінгізу) фразеологизмі – орыс тіліндегі «посадить на голову» фразеологизмімен, ал «бурнун салландырмақ» (сөзбе-сөз ауд. мұрынын көтеру) фразеологизмі – «повесить нос» фразеологизмімен мәндес деуге болады. Салғастырмалы зерттеу нәтижесі көрсеткендей, құмық және орыс тілдеріндегі етістікті фразеологизмдер толық немесе жартылай сәйкес келеді [2, 151 б.]. Құмық тіл білімінде Н.Х.Ольмесов диалектілердегі соматикалық фразеологизмдерге құрылымдық-семантикалық талдау жүргізді [3, 116-118 бб.].

Кұмық фразеологиясын жүйелі түрде зерттеу ХХІ ғасырдан бастау алады. Лексикологияның бір бөлімі саналған фразеология – тіл білімінің дербес саласы ретінде зерттеле бастады. ХХІ ғасырдың басында құмық фразеологиясының жалпы мәселелері мен құмық, орыс тілдеріндегі фразеологизмдерді салғастырмалы зерттеуге арналған маңызды ғылыми еңбектер жарық көрді. Атап айтқанда, А.З.Абдуллаева өзінің докторлық диссертациясын құмық тіліндегі фразеологизмдерді құрылымдық-семантикалық тұрғыда зерттеудің даулы мәселелерін айқындауға және оларды теориялық тұрғыдан саралауға арнады. Ғалым фразеологиялық бірліктердің категориялық белгілері мен тұлғаларының ерекшеліктерін анықтап, олардың құрылымдық үлгілерін ұсынды [4].

Ф.И.Даутова мен Н.Э.Гаджихмедов құмық фразеологизмдерінің семантикасы мен олардың компоненттерінің семантикалық байланысын айқындап, жеке семантикалық категорияларына (омонимия, антонимия, синонимия) арнайы зерттеу жүргізсе, М.И.Мугидова құмық, орыс тілдеріндегі соматикалық фразеологизмдерге салғастырмалы талдау жасады [5].

Кұмық тіл білімінде фразеологизмдерге салыстырмалы бағытта зерттеу жүргізілмеген. Аталмыш өзекті мәселені Г.К.Гизатова, М.И.Магидова, О.В.Павлова, Е.Е. Ведыманов, Н.В.Куликова, С.М.Хуболов, К.А.Соколова зерттеулерінде көтергенімен, толық қарастырмаған.

Б.Г.Шахманова өзінің кандидаттық диссертациясында «намус//совесть» концептісін құмық және орыс тілдеріндегі фразеологизмдер негізінде анықтаған. Ғалым паремиологиялық бірліктерді салғастыра зерттеу арқылы әр тілдегі фразеологизмдердің ұлттық ерекшелігі мен әмбебап ерекшелігін айқындаған. Б.Г.Шахманова өз зерттеуінде фразеологизмдердің әмбебап ерекшелігін әлемнің тілдік бейнесіндегі этикалық құндылықтардың жалпы мағыналық сипатымен түсіндірсе, ұлттық ерекшелігін әр халықтың қоршаған ортаны өзінше қабылдауымен түсіндіреді [6, 5 б.].

Г.Р.Муташева өзінің «Антонимы и антонимические отношения в лексике и фразеологии кумыкского языка» атты диссертациясында құмық тіліндегі антонимдік фразеологизмдер қарастырған. Зерттеуші фразеологиялық бірліктер семантикасын саралаудың ұстанымдары мен антонимдік фразеологизмдерде туынды мағыналардың қалыптасу тәсілдерін анықтаған. Г.Р.Муташева антонимдік жұптарды қалыптастырудың негізгі тәсіліне -са, -ма, -ме, -сыз, -сиз, -суз, -сюз етістікке жалғанатын қосымшаларды жатқызып, өз тұжырымын «тийишлисин бермек» – есеп айырысу, төлеу, «тийишлисин бермемек» – есеп айырыспау, төлемей, «хатарлы болмакъ» – қауіпті болу, «хатарсыз болмакъ» – қауіпсіз болу, «гьякъыллы болмакъ» – ақылды болу, «гьякъылсыз болмакъ» – ақылсыз болу, «айыплыгъын исбат этмек» – кінәсін мойындау, «айыпсызлыгъын исбат этмек» – кінәсіздігін дәлелдеу, т.б. секілді мысалдармен дәйектейді [7, 21-22 бб.].

А.А.Айсыяева өз зерттеуінде құмық тіліндегі етістікті фразеологизмдердің корпусын анықтап, олардың құрылымдық-семантикалық ерекшеліктерін айқындады. Фразеологизмдер құрамындағы етістіктің грамматикалық категорияларын жан-жақты зерттеп, оларды екі және үш компонентті моделдерге бөлді. Фразеологиялық бірліктің құрылымдық семантикалық адгезиясына байланысты етістік компоненті индикативті көңіл-күйдің әр түрлі формаларын біріктіріп, қабылдай алатынын саралайды. Құмық тілінде толық парадигмасы бар фразеологиялық бірліктің уақытша мағыналарын жүзеге асыру етістіктің аспектілік сипаттамасымен байланысты емес екендігін анықтайды. Сондай-ақ, етістікті фразеологизмдерді адамның мінез-құлқын, түр-әлпетін, ой-өрісін айқын көрсететін тілдік бірлік ретінде қарастырды [8].

З.Б.Яхьяеваның зерттеуінде құмық тіліндегі діни компонентті фразеологизмдер талданып, олардың құрылымдық-семантикалық ерекшеліктері айқындалады. Құмық тілінің діни лексикасының функционалдық-семантикалық өрісін келесі семантикалық топтарда келесідей бөледі: I. Басқа әлеммен байланысты тіршілік иелері мен құбылыстардың атаулары: 1) табиғаттан тыс тіршілік иелерінің атаулары; 2) 2. Басқа әлеммен байланысты орындар мен оқиғалардың атаулары; II. Негізгі теологиялық терминдер, III. Адамдардың сеніміне қатысты атаулар, IV. Діни жоралар мен олармен байланысты ұғымдардың белгілері, V. Діни ережелерге немесе көзқарастарға сәйкес жүргізілетін іс-әрекеттердің белгілері, VI. Намазға қатысты діни және салттық мақсаттағы заттардың атаулары, VII. Діни және салттық мақсаттағы құрылыстар мен ғимараттардың және олардың бөліктерінің атаулары, VIII. Діни мәтіндердің атаулары, IX. Антропонимдер. Ғалым діни компонентті фразеологизмдердің экспрессивті-эмоционалды бояуы қанық болатынын және жағымды-жағымсыз мәнде жұмсалатынын нақты мысалдармен дәлелдеп көрсетеді. Айталық, діни компонентті фразеологизмдер құрамындағы «Аллағь» (*Алла*), «Худай» (*Құдай*), «Тенгири» (*Тәңір*), «Яратғьаным» (*Жаратушы*) теонимдері – жағымды мәнді білдірсе, «басдырык» (*ер адам кейіндегі зұлым күш*), «илбис» (*ібіліс*), «шайтан» теонимдері – жағымсыз мәнді білдіреді [9, 90 б.].

С.З.Садыкованың зерттеуі құмық тіліндегі түр-түс компонентті фразеологизмдерге арналған. Ғалым фразеологизмдердің лексикалық, грамматикалық тұлғасын саралай отырып, колоронимдердің символикалық мәнін, этномәдени өзгешелігін, сандық қолданысын айқындайды [10, 113 б.].

Т.И.Айдиевананың ғылыми мақаласында құмық және ағылшын тілдеріндегі «ерте», «қазір», «кеш» семаларын құрайтын фразеологизмдерге салғастырмалы лингвомәдени талдау жасалады. Автор ағылшын тілінде «қазір» семасын білдіретін фразеологизмдер, ал құмық тілінде «ерте» семасын білдіретін фразеологизмдер кеңінен

қолданылатынына мән беріп, әр тілдегі уақыт семантикасының жалпы және ұлттық бірегейлігін түсіндіреді [11, 91 б.].

2014 жылы Н.Э.Гаджихмедовтың «Кумыкско-русский словарь фразеологических единиц» атты еңбегі жарыққа шықты. Аталмыш сөздікте құмық тілінің 3200 фразеологизмі қамтылып, орыс тіліндегі баламасымен берілген. Н.Э.Гаджихмедовтың бұл сөздігі құмық тіл білімінде жаңа зерттеулерге арқау болды.

Ф.И.Даутова өзінің кандидаттық диссертациясында құмық және орыс тілдеріндегі «баш/голова» компоненті ұйытқы болған фразеологиялық бірліктерге құрылымдық-семантикалық, функционалды-стилистикалық, коммуникативтік-прагматикалық тұрғыдан талдау жасап, әр халықтың тілдік санасында бейнеленген соматикалық мәдени кодтың өзіндік ерекшеліктерін айқындайды [12].

С.А.Алиеваның ғылыми мақаласында құмық және орыс тілдеріндегі «юрек/сердце» ұйытқы компонентті соматикалық фразеологизмдерге лингвомәдени талдау жасалып, құмық, орыс фразеологиялық әлем бейнесінің өзгешеліктері сараланады. Орыс және құмық тілдері әлемінің фразеологиялық суреттерін салыстырмалы зерттеу арқылы билингвистердің сөйлеу мәдениетін арттырып қана қоймайтынын, сонымен қатар екі тілді фразеологиялық сөздіктер мен аудармаларды құрастыруға көмектесетінін анықтайды [13].

Н.А.Кахированың зерттеуі құмық жазушысы К.Абуковтың прозасындағы фразеологизмдерді қарастыруға бағытталған. Ғалым құмық тіліндегі фразеологизмдерді топтастырып, олардың көркем туындыдағы стильдік қолданысын зерттеген. Н.А.Кахирова фразеологизмдердің метафора, метонимия, синекдоха, т.б. сияқты айшықтау құралдары мен окказионал бірліктерді жасау әлеуеті жоғары әрі жазушының көркемдік танымын бейнелеуде қызметі орасан екенін атап көрсетеді. Сондай-ақ, құмық тіліндегі фразеологизмдерді жазушының тілдік тұлғасын танытатын бірлік, әдеби-эстетикалық жүгі бар лингвостилистикалық құбылыс деп түйіндейді [14].

Г.К.Темирханова өз зерттеуінде адамның мінез-құлық ерекшеліктерін бейнелейтін фразеологизмдердің функционалды-семантикалық табиғатын қарастырады. Зерттеуші құмық тіліндегі фразеологизмдердің ұлттық реңкі мен эмоционалды-бағалауыштық сипатын анықтап, оларды адамның ішкі және сыртқы әлемін кескіндейтін фразеосемантикалық топтарға бөледі. Г.К.Темирханова: «Адамның ішкі және сыртқы әлемі «зоонимдік», «фитонимдік», «артефактілік», «табиғи ландшафтық», «колоронимдік», «ономастикалық», «теонимдік», «соматикалық», т.б. мәдени кодтарда көрініс тауып, фразеологиялық бірліктер арқылы лингвомәдени кодқа айналады», - дейді [15, 7 б.].

| Тұжырымы                         | Авторы |
|----------------------------------|--------|
| <b>Тарихи-салыстырмалы бағыт</b> |        |

|  |                                 |
|--|---------------------------------|
| құмық тіліндегі фразеологизмдердің шығу төркіні қарастырылмаған  |                                 |
| <b>Құрылымдық-жүйелік бағыт</b>  |                                 |
| құмық тіліндегі етістікті фразеологизмдердің құрылымдық-семантикалық ерекшелігін және олардың темпоралдық әлем бейнесін кескіндеу өзгешеліктерін қарастырған | Н.Э.Гаджихмедов                 |
| құмық тіліндегі фразеологизмдердің қос тілдік (құмық-орыс) лексикография жүйесін құрастырған   | К.Х.Даибова                     |
| құмық тілінің диалектілеріндегі соматикалық фразеологизмдерге құрылымдық-семантикалық талдау жасаған   | Н.Х.Ольмесов                    |
| құмық тіліндегі фразеологиялық бірліктердің категориялық белгілері мен тұлғаларының ерекшеліктерін анықтаған   | А.З.Абдуллаева                  |
| құмық тіліндегі фразеологизмдердің семантикалық категорияларын (омонимия, антонимия, синонимия) зерттеген  | Ф.И.Даутова,<br>Н.Э.Гаджихмедов |
| құмық және орыс тілдеріндегі соматикалық фразеологизмдерге салғастырмалы талдау жасаған  | М.И.Мугидова                    |
| құмық тіліндегі антонимдік фразеологизмдердің туынды мағыналарының қалыптасу тәсілдерін анықтаған  | Г.Р.Муташева                    |
| құмық тіліндегі фразеологизмдер құрамындағы етістіктің грамматикалық категорияларын жан-жақты зерттеп, оларды екі және үш компонентті моделдерге бөлген      | А.А.Айсякаева                   |
| құмық тіліндегі фразеологизмдердің көркем шығармадағы стильдік қолданысын зерттеген  | Н.А.Кахирова                    |
| <b>Антропоөзекті бағыт</b>   |                                 |
| «намус//совесть» концептісін құмық және орыс тілдеріндегі фразеологизмдер негізінде айқындаған   | Б.Г.Шахманова                   |
| құмық тіліндегі діни компонентті фразеологизмдердің функционалды-семантикалық өрісін анықтаған   | З.Б.Яхьяева                     |
| құмық тіліндегі түр-түс компонентті фразеологизмдердің символикалық мәнін, этномәдени өзгешелігін, сандық қолданысын айқындаған                              | С.З.Садыкова                    |
| құмық және ағылшын тілдеріндегі «ерте», «қазір», «кеш» семаларын құрайтын фразеологизмдерге салғастырмалы лингвомәдени талдау жасаған                        | Т.И.Айдиева                     |
| құмық және орыс тілдеріндегі «баш/голова» компоненті фразеологизмдерге   | Ф.И.Даутова                     |

|  |                 |
|--|-----------------|
| құрылымдық-семантикалық, функционалды-стистикалық, коммуникативтік-прагматикалық тұрғыдан талдау жасаған           |                 |
| құмық және орыс тілдеріндегі «юрек/сердце» компонентті соматикалық фразеологизмдерге лингвомәдени талдау жүргізген | С.А.Алиева      |
| адамның мінез-құлық ерекшеліктерін бейнелейтін фразеологизмдердің функционалды-семантикалық табиғатын қарастырған  | Г.К.Темирханова |

Кесте 1. Құмық тіл біліміндегі фразеологизмдердің теориялық негіздемесі

### Қорытынды

Тұжырымдай келгенде, қазіргі құмық тіл білімінде фразеологизмдер жүйесін қарастырудың эмпирикалық кезеңі қалыптасқан. Бұл құмық тіліндегі фразеологизмдерге зерттеу жүргізудің аясын кеңейтеді. Атап айтқанда, құмық тіл білімінде фразеологизмдерге тарихи-салыстырмалы және антропоэлекті бағыт шеңберінде жан-жақты зерттеу жүргізуді қажет етеді.

Құмық тіліндегі фразеологизмдерге тарихи-салыстырмалы, антропоэлекті бағытта кешенді зерттеу жүргізу – туыс тілдердің құрылымдық-семантикалық, функционалды-семантикалық, коммуникативті-прагматикалық жүйесіндегі жалпы және ұлттық ерекшеліктерді жаңаша бағамдауға мүмкіндік береді.

**\*Мақала 2021-2023 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру аясында жазылды. Зерттеуді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (AP09260438 гранты).**

### ӘДЕБИЕТ

[1] Даибова К.Х. Фразеология кумыкского языка: автореф. дис. ... канд. филол. наук. – М., 1973. – 23 с.

[2] Гаджихмедов Н.Э. Категория времени фразеологических единиц кумыкского языка//Вопросы общей и дагестанской фразеологии: Межвузовский сборник. – Махачкала: ИПЦ ДГУ, 1984. – С.137–141.

[3] Ольмесов Н.Х. Соматические термины в диалектах кумыкского языка (структурно-семантический анализ)//Проблемы отраслевой лексики дагестанских языков: соматические термины. – Махачкала, 1986. – С. 116–118.

[4] Абдуллаева А.З. Фразеология кумыкского языка в сравнительном освещении: автореф. дис. ... д-ра филол. наук. – Махачкала, 2002. – 54 с.

[5] Мугидова М.И. Соматические фразеологические единицы кумыкского и русского языков: автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Махачкала, 2005. – 21 с.

[6] Шахманова Б.Г. Морально-этический концепт «совесть» в кумыкской и русской языковых картинах мира. – Махачкала, 2009. – 161 с.

[7] Муташева Г.Р. Антонимы и антонимические отношения в лексике и фразеологии кумыкского и русского языков: автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Махачкала, 2010. – 22 с.



- [8] Айсякаева А.А. Структура и семантика глагольных фразеологических единиц кумыкского языка: дис. ...канд. филол. наук. – Махачкала, 2009. –153 с.
- [9] Яхьяева З.Б. Религиозная лексика и фразеология кумыкского языка: автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Махачкала, 2010. – 23 с.
- [10] Садыкова С.З. Фразеологические единицы с компонентом цветообозначения в кумыкском языке: автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Махачкала, 2012. – 21 с.
- [11] Айдиева Т.И. Фразеологические единицы с дифференциальными семами рано, сейчас, поздно в кумыкском и английском языках//Журнал научных публикаций аспирантов и докторантов. –№7, 2012. – С. 91-92.
- [12] Даутова Ф.И. Фразеологические единицы с компонентами «баш» и «голова» в кумыкском и русском языках: автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Махачкала, 2014. – 24 с.
- [13] Алиева С.А. Лингвокультурологическая характеристика фразеологизмов, обозначающих эмоциональные состояния человека, в русском и кумыкском языках//ж. Язык. Словесность. Культура.– №6. –2013. – С.59 – 70.
- [14] Кахирова Н. А. Контекстуальная реализация фразеологических значений в авторской художественной речи: на материале прозы К. Абукова: автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Нальчик, 2016. – 22 с.
- [15] Темирханова Г.К. Объективация характеристики человека во фразеологических единицах кумыкского языка. дисс. ...канд.филол.наук. –Махачкала, 2021. – 177 с.

## REFERENCES

- [1] Daibova K.H. Frazeologija kumyckogo jazyka (Phraseology of the Kumyk language): avtoref. dis. ... kand. filol. nauk. M., 1973. 23 p. [In Rus.]
- [2] Gadzhiahmedov N.Je. Kategorija vremeni frazeologicheskix edinic kumyckogo jazyka (Time category of phraseological units of the Kumyk language)//Voprosy obshhej i dagestanskoj frazeologii: Mezhvuzovskij sbornik. Mahachkala: IPC DGU, 1984. 137–141 pp. [In Rus.]
- [3] Ol'mesov N.H. Somaticheskie terminy v dialektah kumyckogo jazyka (strukturno-semanticheskij analiz) (Somatic terms in dialects of the Kumyk language (structural and semantic analysis)//Problemy otraslevoj leksiki dagestanskih jazykov: somaticheskie terminy. Mahachkala, 1986. 116 –118 p. [In Rus.]
- [4] Abdullaeva A.Z. Frazeologija kumyckogo jazyka v sravnitel'nom osveshhenii (Phraseology of the Kumyk language in comparative coverage): avtoref. dis.d-ra filol. nauk. Mahachkala, 2002. 54 p. [In Rus.]
- [5] Mugidova M.I. Somaticheskie frazeologicheskie edincy kumyckogo i russkogo jazykov(Somatic phraseological units of the Kumyk and Russian languages):avtoref. dis. ... kand. filol. nauk. Mahachkala, 2005. 21 p. [In Rus.]
- [6] Shahmanova B.G. Moral'no-jeticheskij koncept «sovest'» v kumyckoj i russkoj jazykovyh kartinah mira (The moral and ethical concept of "conscience" in the Kumyk and Russian language pictures of the world). Mahachkala, 2009. 161 p. [In Rus.]
- [7] Mutasheva G.R. Antonimy i antonimicheskie otnoshenija v leksike i frazeologii kumyckogo i russkogo jazykov (Antonyms and antonymic relations in the vocabulary and phraseology of the Kumyk and Russian languages): avtoref. dis. ... kand. filol. nauk. Mahachkala, 2010. 22 s. [In Rus.]
- [8] Ajsjakaeva A.A. Struktura i semantika glagol'nyh frazeologicheskix edinic kumyckogo jazyka (Structure and semantics of verbal phraseological units of the Kumyk language): dis. .kand. filol. nauk. Mahachkala, 2009. 153 p. [In Rus.]

[9] Jah'jaeva Z.B. Religioznaja leksika i frazeologija kumykskogo jazyka (Religious vocabulary and phraseology of the Kumyk language): avtoref. dis. ... kand. filol. nauk. Mahachkala, 2010. 23 p. [In Rus.]

[10] Sadykova S.Z. Frazeologicheskie edinicy s komponentom cvetooboznachenija v kumykskom jazyke (Phraseological units with a color designation component in the Kumyk language): avtoref. dis.kand. filol. nauk. Mahachkala, 2012. 21 p. [In Rus.]

[11] Ajdieva T.I. Frazeologicheskie edinicy s differencial'nymi semami rano, sejchas, pozdno v kumykskom i anglijskom jazykah (Phraseological units with differential senses early, now, late in the Kumyk and English languages)//Zhurnal nauchnyh publikacij aspirantov i doktorantov. №7, 2012. 91-92 pp. [In Rus.]

[12] Dautova F.I. Frazeologicheskie edinicy s komponentami «bash» i «golova» v kumykskom i russkom jazykah (Phraseological units with the components "bash" and "head" in the Kumyk and Russian languages): avtoref. dis.kand. filol. nauk. Mahachkala, 2014. 24 p. [In Rus.]

[13] Alieva S.A. Lingvokul'turologičeskaja harakteristika frazeologizmov, oboznachajushih jemocional'nye sostojanija čeloveka, v russkom i kumykskom jazykah (Linguoculturological characteristics of phraseological units denoting emotional states of a person in the Russian and Kumyk languages)// Jazyk. Slovesnost'. Kul'tura. № 6. 2013. 59 – 70 pp. [In Rus.]

[14] Kahirova N. A. Kontekstual'naja realizacija frazeologičeskix značenij v avtorskoj hudozhestvennoj reči (Contextual realization of phraseological meanings in the author's artistic speech): na materiale prozy K. Abukova: avtoref. dis.kand. filol. nauk. Nal'čik, 2016. 22 p. [In Rus.]

[15] Temirhanova G.K. Obektivacija harakteristiki čeloveka vo frazeologičeskix edinicah kumykskogo jazyka (Objectification of human characteristics in phraseological units of the Kumyk language). dis.kand.filol.nauk. Mahachkala, 2021. 177 p. [In Rus.]

## **ИЗУЧЕНИЕ ФРАЗЕОЛОГИЗМОВ В КУМЫКСКОМ ЯЗЫКОЗНАНИИ**

\*Мурзинова А. С.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>PhD доктор, Казахский национальный женский педагогический  
университет, Алматы, Казахстан,

\*<sup>1</sup>e-mail: [msai2013@mail.ru](mailto:msai2013@mail.ru)

**Аннотация.** В процессе общения фразеологизмы выполняют важнейшие функции фиксации явлений, фактов, процессов действительности, их эмоционально-экспрессивной оценки. Широкое место среди них занимают исторически сложившиеся традиции и обычаи народа, национально-культурные корни и устоявшиеся особенности культуры. Со временем первоначальное значение слова в составе устойчивых словосочетаний начинает исчезать или приближаться к забвению. Слово переходит от одного народа к другому по-разному. Посредством таких переходов можно узнать культурные связи и отношения между народами далеких эпох, даже если не осталось каких-то исторических свидетелей и памятников. В статье анализируется изучение устойчивых словосочетаний в кумыкском языкознании. Цель статьи-систематизация трудов ученых, рассматривавших фразеологизмы наряду с лексикализованными и грамматизированными словосочетаниями. Для достижения данной цели поставлены задачи: ранжирование и систематизация фразеологических словарей кумыкского языка и научных трудов, относящихся к области фразеологии, определение уровня изученности фразеологической отрасли кумыкского языкознания. Анализируются возникновение и развитие фразеологизмов, их образов, в которых отражаются особенности историко-культурных традиций и национального

менталитета. Дифференцируя лексическую, грамматическую идентичность фразеологизмов, мы можем выявить особенности историко-культурных традиций и национального менталитета этого народа. Научная значимость исследовательской работы является дополнительным вкладом в области этнолингвистики и лингвокультурологии. Практическая значимость статьи: результаты исследования могут быть использованы при составлении лекций спецкурсов «Лингвокультурология», «Этнолингвистика», «Фразеология», при подготовке учебно-методических комплексов, при написании курсовых и дипломных работ или при разработке тем. Методологию исследования составляют труды зарубежных ученых, изучивших проблемы фразеологии кумыкского языка. Результаты исследования способствуют развитию кумыкского языкознания, связанному с изучением тюркских языков.

**Ключевые слова:** лингвистика, кумыкский язык, фразеологизмы, фразеологический словарь, лингвокультура, паремиология, лингвостилистика, фразеосемантика.

## RESEARCH OF PHRASEOLOGY IN KUMYK LINGUISTICS

\*Murzinova A. S.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>doctor of Philosophy (PhD), *Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan,*

\*<sup>1</sup>e-mail: msai2013@mail.ru

**Abstract.** In the process of communication, phraseology performs the most important functions of establishing phenomena, facts, and processes of reality, and evaluating them emotionally and expressively. It has a wide range of historically formed Customs and traditions of the People, national and cultural roots and established cultural features. Words contained in regular expressions go back thousands of years, and the original meaning begins to be forgotten or blurred, approaching oblivion. The word is transmitted from one nation to another in different ways. Through such word transitions, it is possible to learn about cultural ties and relations between peoples of distant eras, although sometimes there are no historical witnesses and monuments left. The article analyzes the study of stable phrases in kumyk linguistics. The purpose of the article is to systematize the work of scientists who considered phraseologisms in parallel with lexical and grammatical phrases. To achieve this goal, the tasks set are: to analyze and systematize phraseological dictionaries of the kumyk language and scientific works related to the field of phraseology, to determine the degree of study of the phraseological field of kumyk linguistics. The emergence and development of phraseological units, their images, which reflect historical and cultural traditions and features of the national mentality, are analyzed. By differentiating the lexical and grammatical identity of phraseologisms, we can determine the historical and cultural traditions of this people and the peculiarities of the national mentality. The scientific significance of the research work is an additional contribution to the field of ethnolinguistics and linguoculturology. Practical significance of the article: the results of the research can be used in the preparation of lectures for special courses "Linguoculturology", "Ethnolinguistics", "phraseology", in the preparation of educational and methodological complexes, in the writing of coursework and theses or in the development of topics. The methodology of the study consists of the works of foreign scientists, specially written for the study of phraseology of the kumyk language. The results of the research contribute to the development of kumyk linguistics, the study of Turkic languages in communication.

**Keywords:** linguistics, kumyk language, phraseological units, phraseological dictionary, linguoculture, paremiology, linguostilistics, phraseosemantics.

*Статья поступила 12.06.2022*